

6D072000 – «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған А.М.Қожахметованың **“Шартқа сәйкессіз фосфатты-кремнийлі шикізаттың және ЖЭО қалдықтарының негізінде микроэлементтері бар баяу әсерлі тукоқоспалар алу технологиясын әзірлеу”** тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісінің

ПІКІРІ

Қазіргі таңдағы ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс агроөнеркәсіптік кешені мен өндіріс аумақтары мен сол жерлерде өмір сүретін тіршілік иелерінің экологиялық тұрақтылығын жақсартуға бағытталған және агрохимиялық технология мәселелерінің өзекті қиылысында орын алатын ғылыми-зерттеу тақырыбына арналған. Ғылыми ізденістер фосфор өндірісінің соның ішінде фосфоритті Қаратау бассейні қалдықтарын ұтымды пайдалануға, сондай-ақ, жылу орталықтарының құрамындағы минералды элементтері бар қалдықтар негізінде тиімді тукоқоспалар алу технологиясын әзірлеу және олардың ауылшаруашылық дақылдарына әсерін кешенді бағалауға бағытталған. Қазақстандағы минералды ресурстарды, соның ішінде төменсапалы және баланстан тыс шикізатты ұтымды игеру қажеттілігі жағдайында бұл жұмыс ерекше маңызға ие.

Диссертацияда бастапқы шикізаттардың құрамын заманауи физика-химиялық әдістермен анықталған қасиеттеріне байланысты оңтайландыру, термоөндеу режимдерінің әсері, макро және микроэлементтердің экстракциялану кинетикасы, сондай-ақ алынған қоспалардың өсімдіктерге және топырақтың агрохимиялық қасиеттеріне ықпалы жан-жақты қарастырған. Автор нақты эксперименттік деректерге сүйене отырып, регрессиондық модельдеу, үш өлшемді графикалық интерпретация және ғылыми болжам жасау әдістерін ұтымды қолданған. Зерттеудің нәтижесінде алынған математикалық модельдер тыңайтқыш құрамындағы компоненттердің температура мен уақытқа байланысты өзгерісін сипаттай алады, болашақта процесті автоматтандыруға негіз болады.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы – бейорганикалық және органоминералды компоненттер негізіндегі жаңа номенклатурадағы күрделі тыңайтқыштарды алу инновациялық технологиясын әзірлеу, бастапқы шикізаттардың құрамындағы қоректік заттар мен

микроэлементтердің температуралық, уақыттық тәуелділіктерін анықтау және оларды өсімдіктерге тиімді әсер ететін нақты пропорцияларын ұсына отырып диссертациялық жұмыстың практикалық маңыздылығы – зерттеу нәтижелерін өнеркәсіптік көлемде тыңайтқыш өндірісіне ендіру нәтижесінде технологиялық көрсеткіштер мен эколого-экономикалық тиімділігінде. Дайындалған тыңайтқыштар ауылшаруашылық өндірісінде яғни, «Алтынай» шаруа қожалығында қызанақ, баклажан, тәтті бұрыш сынды дақылдарды жылыжай орындарында өсіруде жоғары тиімділік көрсеткен. Зерттеулер нәтижелері пайдалы модельге патенттер алумен дәлелденген.

Жалпы, диссертациялық жұмыс ғылыми-техникалық талаптарға сай орындалған, тәжірибелік және теориялық нәтижелері өзара үйлесімді, құрылымы мен мазмұны жағынан PhD дәрежесіне үміткерге қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.

Осыған байланысты, диссертациялық жұмыс 6D072000 – «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынылады.

Ғылыми кеңесші

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан

Университетінің

БТ, ӨҚ ж/е ДЫ ғылыми зертхананың меңгерушісі

«Бейорганикалық және

мұнай-химия өндірістерінің технологиясы»

кафедрасының т.ғ.д., профессоры



Жантасов Қ.Т.

ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН

ҚЖЖ бөлімінің
басшысы

Қ.Т. Жантасовтың қолын растаймын

Ғылыми хатшы